

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ
2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

2025–2026 оқу жылында ЖК Н.И. Гайып «Ақбөбек» балабақшасында Қамқоршылық кеңесі өз жұмысын бекітілген жоспарға сәйкес жүргізді.

Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты – балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, тәрбиеленушілер үшін қолайлы жағдай жасауға қолдау көрсету және ұйым жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету.

Оқу жылы барысында Қамқоршылық кеңесінің отырыстары өткізілді. Отырыстарда балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстары, балалардың қауіпсіздігі, санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы, тамақтану сапасы және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар қарастырылды.

Атқарылған жұмыстар:

- Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілді;
- Тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына және ас мәзірінің талапқа сай орындалуына бақылау жасалды;
- Балалардың қауіпсіздігі мен санитариялық жағдайлардың сақталуы қарастырылды;
- Ата-аналармен бірлескен жиналыстар мен кездесулер өткізілді;
- «Жаңа жыл», «Наурыз» және басқа да мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсетілді;
- Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша ұсыныстар берілді;
- Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету жұмыстары жүргізілді;
- Балалардың денсаулығын нығайту, спорттық және сауықтыру іс-шараларына қолдау көрсетілді.

Қамқоршылық кеңесі балабақша әкімшілігімен бірлесіп, тәрбиеленушілерге қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға өз үлесін қосты.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңесі жоспарланған жұмыстарды орындап, балабақша қызметін жетілдіруге бағытталған жұмыстар атқарды. Алдағы уақытта да ата-аналармен және балабақша ұжымымен бірлескен жұмыстар жалғасын табады.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Б. Каймуллаева

Балабақша директоры:



А.Базылбекова